

Тақырыбы: “Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдану”.

Автор: Төреханова Елназ

“М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің” “Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту” бөлімінің 3-курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: Турсынова А. Қ.

Жоспар:

1. Инновация дегеніміз не?
2. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар;
3. МДҰ-да инновациялық технологияларды қолдану.

Түйіндеме: Берілген мақалада білім беру жүйесінде қолданылатын инновациялық технологиялар туралы, оларды мектепке дейінгі ұйымдарда (МДҰ) қолдану аясын сонымен қатар қазіргі заман талабына сай жаңа инновациялық технологияларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу туралы айтылады.

Кілт сөздер: Инновациялық технологиялар, білім беру жүйесі, дамыта оқыту технологиясы, ТРИЗ технологиясы, АКТ, ойын технологиясы, бала, МДҰ, т.б.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

Инновация (жаңалық жарату) - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені тапқырлау, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт жарату. Инновация сөзін ағылшын тілінен аударғанда "жүйе ішіндегі өзгерістер" деген мағынаны білдіреді. Құрал мен үрдіс ретінде инновация қандай да бір жаңалық енгізу дегенді білдіреді. Инновациялық білім беру қызметі - бұл білім беру процесінің жүйелі дамуы арқасында жүзеге асатын қызмет болып саналады. Технология - грек сөзінен алынғанда “техно” (өнер, қолөнер, ғылым) және “логотиптер” (тұжырымдама, оқыту) деген мағынаны білдіреді.

Заманауи педагог - үнемі дамып отырады, өзін-өзі дамытады, дамудың жаңа жолдарын іздейді, балаларға сапалы білім беруде жаңа технологияларды қолданады. Мектепке дейінгі білім беру саласының бағыттарын дамыту - бұл салаға инновациялық технологияларды қолдану. Оның басты мақсаты - инновациялық үдерістерді басқару, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды сапалы білім беру, ойын және тәрбиелеу процесінде қолдану, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру, мұғалімдердің кәсіби мәдениетін арттыру, баланың қоршаған ортаны тану белсенділігін қалыптастыру.

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда қолданыста жүрген инновациялық технологиялар:

1. Дамыта оқыту әдістмесі;
2. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
3. ТРИЗ технологиясы;
4. Денсаулық сақтау технологиясы;
5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиясы;
6. Ойын технологиясы;
7. Монтессори технологиясы және т.б.

Әрбіріне жеке тоқтала кетсек, барлық инновациялық технологиялар баланың жеке басының дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Дамыта оқыту технологиясы - баланың жалпы танымдық қасиетін, сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеу дағдысын, эмоциясы мен сезімін, шығармашылық дағдысын өз бетімен дамыту құралы. Ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқыту. Онда педагог жай ғана педагог емес, танымдық іс әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы, бала интеллектісінің көзін ашуға, шығармашылығын дамытуға, баланы ойлауға үйрететін ерекше күш болып табылады. Бұл технологияның негізін салушылар - В. Давыдов, В. Эльконин, В. Занков, т.б. Дамыта оқыту технологиясына кіретін әдістемелер - Зайцев текшелері, Раунд-Робин әдістемесі, Доман карточкалары, Воскобович әдістемесі, “Ой қозғау” тәсілі, ассоциация әдісі, салыстыру әдісі, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы - балалардың зерттеу, бақылау, өз ойынн еркін жеткізу, сынау, талдау сияқты қасиеттерін дамыту технологиясы. Балалардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де (толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі жағдайттардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту. Технологияның тиімділігі - сапалы білім, психоогиялық ізгіліктің туындауы, шығармашылыққа баулу, жеке тұлғаның қалыптасуы, ұтымды әдістердің қолдануы, т.б. Қолданылатын әдістер: баланың қызығушылығын ояту, “миға шабуыл” әдісі, ой толғаныс, ой қозғау, сұрақтар қою, рефлексия, т.с.с.

ТРИЗ тхнологиясы немесе өнертапқыштардың тапсырмаларды шешу теориясы (ӨТШТ) - мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру үрдісінде өнер тапқыштық мәселелерді шешу теориясы. Шығармашылық

тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. ТРИЗ технологиясының авторы Г.С.Альтшуллер. Ол адам техникалық проблемаларды шешу әдісін жасап шығарған. ТРИЗ технологиясын ұзақ қолданса, өнертапқыш баланың ойлау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар ӨТШТ – ақылдылардың, құрастырушылардың, ізденушілердің символы, яғни балалардың қаншалықты абстрактілі ойлауын, қиялдауы мен бақылағыштығын, зейіндерін ертерек дамыту технологиясы.

Денсаулық сақтау технологиясы - ХХІ ғасырда өмір бізге көптеген жаңа мәселелерді айқындады, оның ішінде денсаулық сақтау, саламатты өмір салты (бұдан әрі – СӨС) әдеттерін тәрбиелеу – ең өзекті мәселе болып табылады. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, олардың жас ерекшеліктеріне сай келетін, артық жүктемелерді жоятын және мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтайтын білім беру технологияларын таңдау – білім беру жүйесін жаңғыртудың жаңа кезеңінің басты міндеттерінің біріне айналды. Денсаулық сақтаушы педагогикалық технологиялар белгіленген міндеттерді шешу құралының бірі болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиясы - бірыңғай байланыстың рөліне негізделген ақпарат технологиясының (АТ) кеңейтілген термині, ол телекоммуникация (телефон желісі, сымсыз сигналдар) мен компьютердің интеграциясы, әрі қолданушыларға ақпараттық қолжетімділік, сақтау, тасымалдау және тізгіндеу мүмкіндігін беретін қажетті корпоративтік бағдарламалар, аралық бағдарламалар, сақтау және аудиовизуалды жүйелер. АКТ - жеке тұлғаға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беретін маңызды жүйе. Қоғамдағы ақпараттандыру процесстерінің қарқынды даму жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі білім беру жүйесіне көп қолданыста жүрген АКТ түрлері: интерактивті тақта, электрондық оқулық, интернет кеңістігі және де мультимедия. Қазіргі заман талабына сай техникалардың дамуы бойынша мектепке дейінгі білім беру саласының АКТ-дың құрамына көптеген жаңа техникаларды қосуға болады. Мысалы: интерактивті еден, интерактивті үстел, интерактивті құм салғыш, мобильді планетарий деген сияқты балалардың танымын және де қоршаған ортаға деген көзқарасын дамытатын АКТ құралдарын МДҰ-да қолдануға болады.

Ойын технологиясы - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері. Оқыту үрдісінде әдісі ретіндегі дербес дидактикалық іс-әрекет. Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті болғандықтан, МДҰ-да ұйымдастырылған іс-әрекеттер (сабақтар) ойын

түрінде жүргізіледі. Ойындарды балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде пайдалану проблемасын көптеген педагогтар мен психологтар қарастырған. Баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда ойынның педагогикалық мүмкіндіктері туралы Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Р.Оуэн, Ф.Фребель, К.Д.Ушинский, П.Ф.Лесгафт, Л.Н.Толстой, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомолинский ерекше атап өткен. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс - әрекет және өмірі деп дәлелдеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану – болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген. Ойын технологиясы бірнеше түрге бөлінеді: ұлттық ойындар, дидактикалық ойындар, сюжеттік-рөлдік ойындар, қимыл-қозғалыс ойындары, шығармашылық ойындар.

Монтессори технологиясы - XX ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу, дамыту жүйесі. М.Монтессори: «Бала дүниеге келгеннен бастап өзін- өзі дамытуға және жеке адам ретінде қалыптасуға қабілетті. Оның ішкі жан дүниесінде ерекше күш бар, ал үлкендердің міндеті сол энергияның жұмсалыуына жағдай жасау» - деген. Монтессори әдісінің мақсаты:

- Балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу.
- Өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру.
- Балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори педагогтың міндеті:

- Балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу.
- Негізгі түстерді айыра білуге үйрету.
- Ұсақ моториканы дамыту.
- Алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру.
- Зейінін тұрақтандыру.
- Тәртіпке үйрету.

Қорытындылай кетсек, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысыәрі деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде, қазіргі таңда тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Осы аталып кеткен инновациялық технологияларды МДҰ-да жүйелі түрде қолдансақ, сонымен қатар жаңашыл

технологияларды қарастырып қолданысқа енгізсек тәрбиеленушілердің білім сапасы, тәрбиесі, дамуы қарқынды түрде өседі деген ойлаймын. Себебі мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді, сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады, балалар сипап-сезу, көру, есту арқылы қоршаған ортаны таниды. Қазіргі балалар тез қабылдағыш және тез дамып келе жатыр, техникаларды да тез меңгеруде. Осыған сәйкес аталған инновациялық технологиялар балалардың дамуына оң әсер етеді деген ойдамын.

Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер тізімі:

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
2. Иванов В. В., Зайцева С. А. Этическая составляющая в информационной культуре учителя. - Журнал «Начальная школа» №11, 2005.
3. Каминский В. Ю. Использование образовательных технологий в учебном процессе. – Научно-практический журнал «Завуч» №3, 2005.
4. Эльконин-Давыдов «Дамыта оқыту технологиясы» / Педагогикалық шығармалар, 1998 ж/
5. «ТРИЗ-педагогика.Учим креативно мыслить», Гин А. А., Вита-Пресс, 2018;
6. <https://bilim-all.kz/jospar/3202--M-Montessori-tehnologiyasyn-goldanudyn-adis-%E2%80%93-tasilderi-Montessori-tobyndagy-damytushy-ortamen-zhumystardy-uiymdastyru->